



## **Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асырудың ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 5 маусым N 848

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын іске асыру кезінде үкіметтік және Үкімет тартқан, соның ішінде үкіметтік кепілдіктермен тартылған қаржылық қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына

енгізілген жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асырудың ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 5 маусымдағы  
N 848 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына  
енгізілген жобаларды іске асыру мониторингін  
жүзеге асырудың  
Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асырудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын (бұдан әрі - МИБ) іске асыруға қатысатын органдардың МИБ-ке енгізілген жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру кезінде өзара іс-қимылдарының тәртібін, МИБ-тің іске асырылу барысы туралы ақпарат берудің мазмұнын, нысанын және мерзімдерін белгілейді.

2. МИБ-ке енгізілген жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асырудың мақсаты шешімдер қабылдау үшін сенімді ақпараттың негізінде МИБ құрамына енгізілген (бұдан әрі - МИБ-ке енгізілген жобалар) инвестициялық жобаларды және институциональдық даму жобаларын іске асыру кезінде үкіметтік және Үкімет тартқан, соның ішінде үкіметтік кепілдіктермен тартылған қаржылық қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

3. Ереже МИБ-ке енгізілген жобаларды әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдардың және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдардың есебінен іске асырылатын жобалар бойынша заемшылардың (бұдан әрі - атқарушы агенттіктер) қолдануы үшін міндетті.

## 2-тарау. МИБ-ке енгізілген жобаларды іске асыру туралы ақпарат берудің және пайдаланудың тәртібі

4. МИБ-ті іске асыру мониторингі атқарушы агенттіктердің МИБ-ке енгізілген жобаларды әзірлеудің және іске асырудың барысы мен нәтижелері туралы ақпарат жинауды, өңдеу мен ресімдеуді және оны Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне (бұдан әрі - Экономика министрлігі) ереженің 3-тарауында көрсетілген көлемде және мерзімде беруді көздейді.

5. Экономика министрлігі берілген ақпаратты талдайды және тоқсан сайын жиынтық есеп жасайды. Жылдық есеп МИБ-тің өткен кезеңде орындалуын талдауға қатысты МИБ-тің талдамалық бөлімінің тарауын әзірлеу кезінде пайдаланылады.

6. Мониторингтің нәтижелері бойынша Экономика министрлігі кезекті жылға МИБ-ке енгізілген жобаларды қаржыландырудың көлемдеріне қатысты МИБ-ті қалыптастыру жөніндегі комиссия үшін ұсыныстар әзірлейді. Негізделген жағдайларда Экономика министрлігі ағымдағы жылдағы қаржыландыру көлемдерін өзгерту туралы ұсыныстар әзірлейді. Мониторингтің нәтижелері, сондай-ақ МИБ-тің құрамына мәлімделетін жаңа жобаларды талдау кезінде пайдаланылады.

## 3-тарау. Есептіліктің нысандары, ақпараттың мазмұны, оны берудің кезеңдері мен мерзімдері

7. МИБ-ті іске асыру мониторингін жүзеге асыру атқарушы агенттіктердің

Экономика министрлігіне мынадай құжаттарды тұрақты беріп тұруын көздейді:

МИБ-тің құрамына енгізілген жобаны әзірлеудің және іске асырудың жоспар-кестесі (бұдан әрі - Жоспар-кесте);

МИБ-тің құрамына енгізілген жоба бойынша жұмыстардың заттай түрдегі орындалуы туралы есеп (бұдан әрі - Жұмыстардың орындалуы туралы есеп);

жұмыстардың орындалуы туралы есепке түсіндірме жазба;

жұмыстардың орындалуы туралы есепке қосымшалар.

8. Жоспар-кесте әрбір жоба бойынша есептік көрсеткіштерді анықтайтын құжат болып табылады. Жоспар-кесте әрбір құрамдас бөлік үшін бүкіл жоба бойынша, оның құрамдас бөліктері бойынша және әрбір іс-шаралар (жұмыстардың түрлері) бойынша орындаудың және қаржыландырудың белгіленген тәртіппен бекітілген жоспарлы көлемдерін қамтиды. Бұл ретте жоспарланатын жылға орындау және қаржыландыру көлемдері бекітілген республикалық бюджеттің тиісті бюджеттік бағдарламасымен келісіледі және тоқсан бойынша бөлінеді, ал жоспарланғаннан кейінгі бірінші жылға арналған көлемдер осы жылға республикалық бюджет жобасының бюджеттік бағдарламасын дәйектеу үшін негіздеме болып табылады. Жоспар-кестеде, сондай-ақ жоспарланған жыл басталғанға дейінгі кезеңге арналған нақты көлемдер, жоспарланатыннан кейінгі екінші жылға және келесі жылдарға арналған болжалды көлемдер көрсетіледі.

9. Жоспар-кестенің нысаны 1-қосымшада берілген. МИБ-ке енгізілген жобаның құрамдас бөліктері бойынша шараларды (жұмыстардың түрлерін) орындаудың және қаржыландырудың жоспарлы көлемдері, алымы тиісті өлшем бірліктеріндегі заттай көрсеткіш болып табылатын, ал бөлімінде МИБ-ке сәйкес атқарушы агенттік көрсеткен, валютамен қаржыландыру сомасы бөлшек түрінде кестеге енгізіледі. Заттай көрсеткіш ретінде нақты шамалар (ұзындық, көлем, салмақ, сан және т.с.с.), әзірленген құжаттар (жобалау-сметалық, тендерлік құжаттама, есеп, қорытынды және т.с.с.) немесе жүзеге асырылған іс-қимылдар (консультация, семинар, іссапар, сатып алу, қадағалау, құжатты бекіту және т.с.с.) түсіндіріледі.

10. Іске асырыла бастауы жоспарланғаннан кейінгі бірінші немесе екінші жылдарға жоспарланған жобалар үшін Жоспар-кесте қаржыландыру басталғанға дейін жүзеге асырылатын, жобаны дайындау жөніндегі іс-шаралардан (техникалық-экономикалық негіздемені, заем немесе грант туралы келісімді және басқа да құжаттарды әзірлеу мен қарау және т.с.с.) тұрады. Мұндай іс-шаралардың іске асырылу кезеңі заттай көрсеткішті және қаржыландыру сомасын көрсетпей-ақ кестенің тиісті торларын қарайтумен көрсетіледі.

11. Жұмыстардың орындалуы туралы есептің нысаны 2-қосымшада берілген. Жұмыстардың орындалуы туралы есеп есепті тоқсанда МИБ-ке енгізілген жоба бойынша қаржылық қаражатын игерудің және жұмыстардың заттай түрдегі орындалуының жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпараттан тұрады. Бұл ретте

Жұмыстардың орындалуы туралы есептің жоспарлы көрсеткіштері Жоспар-кестенің көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

12. МИБ-ке енгізілген жоба бойынша жұмыстардың орындалуы туралы есепке түсіндірме жазба еркін нысанда жасалады. Түсіндірме жазба мынадай мәліметтерден тұрады:

жоба туралы жалпы деректерден: салалық сектор, жобаның атауы, оның орналасқан жері мен жобалық қуаты (күтіліп отырған нәтижелер), атқарушы агенттік, іске асыру кезеңі, сметалық (жалпы) құны, қаржыландыру көздері (донорлар);

несиелік келісім жасау туралы мәлімет, грант беру, мемлекеттік кепілдік беру туралы және жобаның іске асырыла бастауы туралы өзге мәліметтер, жобаны соған сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландыру жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарламаға сілтеме;

қаржыландырудың және бөлінген қаражатты игерудің барысы туралы, жобаны іске асыру кезінде туындаған проблемалар және оларды шешудің жолдары туралы, іске асыруға жоспарланған қаражатты үнемдеу немесе артық жұмсау себептері туралы ақпарат;

атқарушы агенттіктің іс-әрекетін қоса алғанда, жобаны іске асыруға қатысатын органдардың іс-қимылдарын сипаттап жазу;

жабдықтар мен материалдар жеткізуді және төленген салықтарды қоса алғанда, іске асыру кезеңінде қазақстандық кәсіпорындар орындайтын жұмыс орындарын құру және жұмыс көлемдері туралы мәлімет;

импортқа шығарылатын тауарлар (жабдықтар) мен қызмет көрсетулер, төленген салықтар мен кеден төлемдері туралы мәлімет;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасы қосылған құн салығын , басқа да салықтарды төлеуден және кедендік төлемдер салынуынан босатуды көздейтін, Қазақстан Республикасына техникалық жәрдем көрсету шеңберінде әкелінетін тауарларға қатысты мәлімет;

аяқталған жобалар (кезеңдер, құрамдас бөліктер) үшін - қойылған мақсаттарға және жоспарланған нәтижелерге (жобалық қуаттарға) жету туралы, іске асырудың нақты мерзімдері мен қаржыландыру көлемдерінің жоспардағыға сәйкестігі туралы мәлімет, болашақ ағымдағы шығындар және оларды қаржыландыру көздері туралы нақтыланған мәлімет.

13. МИБ-ке енгізілген жоба бойынша жұмыстарды орындау туралы есепке қосымшалар есепті тоқсанда қаржылық қаражатты игерудің және заттай түрдегі жұмыстарды орындаудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерінен тұрады. Қосымшаларға мыналар:

жобаны іске асырудың басталуы туралы куәлендіретін құжаттардың көшірмелері; мердігерді, жеткізушіні немесе консультантты таңдауға арналған тендерлердің барысы және нәтижелері туралы хаттамалардың көшірмелері және Қазақстан

Республикасы заңнамасының және тиісті донордың сатып алу рәсіміне талаптарының сақталуы туралы өзге де мәліметтер, мердігерлік ұйым (жеткізуші, консультант), субмердігерлер (тартылған мамандар, жергілікті қызметшілер) туралы мәліметтер; жоба жөніндегі шешімдерді көрсететін құжаттардың көшірмелері; жұмыстардың аяқталуы туралы куәлендіретін құрылыс объектілерін қабылдау-өткізу кесімдерінің және өзге де құжаттардың көшірмелері енеді.

14. Атқарушы агенттіктер Экономика министрлігіне мынадай мерзімдерде:

Жоспар-кесте - жыл сайын 25 қаңтардан кешіктірілмей (қажет болған жағдайда жобаның ағымдағы жылда іске асырылу нәтижелері бойынша нақтыланған Жоспар-кестесі келесі жылға арналған бюджеттік бағдарламаның жобасын Бюджеттік комиссияға жіберудің алдында қайта енгізіледі);

жұмыстардың орындалуы туралы есеп, Жұмыстардың орындалуы туралы есепке түсіндірме жазба және қосымшалар - есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей тоқсан сайын есеп береді.

15. Атқарушы агенттік толық емес немесе кереғар ақпарат берген жағдайда Экономика министрлігі атқарушы агенттіктен оны берудің мерзімін тағайындай отырып, қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

#### 4-тарау. Ақпарат беру бойынша жұмысты ұйымдастыру және оның дұрыстығы үшін жауапкершілік

16. Атқарушы агенттік жобаны іске асырудың жауапты құрылымдық бөлімшесін, тобын немесе жоба бойынша ақпарат әзірлеуге өкілетті өзге органын тағайындайды. Атқарушы агенттіктің басшысы ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты тұлға болып табылады.

17. Экономика министрлігі тексеруші адамдарды жобаның іске асырылу орнына жібере отырып, ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексеруге құқылы. Бұл ретте атқарушы агенттік және оның уәкілетті органы тексеруші адамдарға жәрдем көрсетуге және олардың жоба жөніндегі техникалық, бухгалтерлік және өзге де құжаттамаға қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті. Тексеріс аяқталысымен Экономика министрлігі есеп әзірлейді, оның көшірмесі атқарушы агенттікке жіберіледі.

18. Атқарушы агенттік уақытылы және толық ақпарат беруден жалтарған жағдайда Экономика министрлігі ереженің 2-тарауында көрсетілген тәртіппен, Ереженің талаптарына сәйкес жобаны қаржыландыруды тоқтату және МИБ-тен алып тастау туралы мәселе қоюға құқылы.

Жоспарлаудың жыл сайынғы нысаны ЖК N

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына енгізілген жобаны  
әзірлеудің және іске асырудың жоспар кестесі

\_\_\_\_\_ (жобаның атауы)

Атқарушы агенттік: \_\_\_\_\_  
(атауы) Жоспарланатын жыл: 200 \_\_\_\_

N ! Жобаның құрамдас! Заттай ! Қаржыландырудың, оның ішінде  
р/с! бөлігінің атауы көрсеткіш!

! \_\_\_\_\_ тің өлшем !

! \_\_\_\_\_ бірлігі !

! \_\_\_\_\_ ! \_\_\_\_\_ ! \_\_\_\_\_ !

Шаралар (жұмыс \_\_\_\_\_ !жылдар бойынша орындалу көлемі  
түрлері) \_\_\_\_\_ !

\_\_\_\_\_ жоба ! Жосп. жыл ! Жылға небәрі  
бойынша! басталғанға !  
барлығы! дейін (факт)!

1 2 3 4 5 6

Барлық қаржыландыру

таблицаның жалғасы

Жоспарланатын жылға (жоспар)

Оның ішінде тоқсан бойынша ! болжам

! \_\_\_\_\_

I ! II ! III ! IV ! Жосп. кейін! Жосп. ! Кейінгі  
! 1-і жылға ! кейін ! жылдарға  
! ! 2-і жылға!

---

7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11 ! 12 ! 13

---

Ескертпе: 1. Қалыптылығы: алымында - заттай көрсеткіш, бөлімінде - \_\_\_ мың (МИБ сәйкес, теңге және АҚШ доллары).

2. Жоспар-кесте атқарушы агенттік басшысының қолымен жыл сайын 25 қаңтардан кешіктірілмей Экономика министрлігіне беріледі.

## 2-қосымша

Есептеменің тоқсандық нысаны ОЖЕ N

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына енгізілген  
жоба бойынша заттай түріндегі жұмыстардың  
орындалуы туралы есеп

---

(жобаның атауы)

Атқарушы агенттік: \_\_\_\_\_  
(атауы) Есепті кезең: \_\_тоқс. 200\_\_ ж.

---

N! Жобаның құрамдас! Заттай ! Заттай ! Заттай алғандағы жұмыстардың  
! бөлігінің атауы ! алғандағы! көрсеткіш! орындалу көлемі  
! ! жұмыс ! түріндегі! \_\_\_\_\_  
! ! түрлері ! өлшем ! жыл басынан ! оның ішінде есепті  
! ! ! бірлігі ! !тоқсанда

